ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 наурыз № 4360-24-00-2/496 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Сансызбаева А.М., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Sagat» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Қарлығаш Сәкенқызы Сағат

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Sagat» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Қарлығаш Сәкенқызы Сағатты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Sagat» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Қарлығаш Сәкенқызы Сағат мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

DOC ID KZWPZVW20240000026144300 5E

DOC ID KZWPZVW202400000261443005E
Электронный документ подписан в Documentolog Business

Жауапкер «Sagat» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Қарлығаш Сәкенқызы Сағаттан талап қоюшы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 5 652 (бес мың алты жүз елу екі) теңге тұрақсыздық айыбын және 169,52 (бір жүз алпыс тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Sagat» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Қарлығаш Сәкенқызы Сағаттан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Сансызбаева А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 27.03.2024

Заңды күшіне енгізілді: 06.05.2024

DOC ID KZWPZVW20240000261443005E

4360-24-3-1/449

DOC ID KZWPZVW202400000261443005E
Электронный документ подписан в Documentolog Business